

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ

8D01601– Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды дайындау (Тарих)

Пән циклі	Пәндердің атауы және олардың негізгі бөлімдері	Сағатпен (ECTS)
БП 1	БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР ЦИКЛЫ(БП)	10
1.	<p>Педагогикалық практика</p> <p>Педагогикалық қызметте Қазақстан тарихы мен дүниежүзілік тарихтың әр түрлі аспектілерін оқытуда тарихи пәндерді оқытудың әдістемесі мен дидактикалық принциптерін қолдану. Техникалық құралдарды, атап айтқанда мультимедиялық техниканы, презентацияларды, видеоконференцияларды, чаттарды, компьютерлік тестілеуді және қашықтықтан оқытудың электрондық жүйелерін пайдалана отырып, сабақтарды жүргізу әдістері мен білімді бақылау әдістемесі.</p>	5
КП 2	КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ ЦИКЛЫ (КП)	43
1.	<p>XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік тарихы: топтары, мүдделері, иерархиясы</p> <p>Жаңа замандағы әлеуметтік процесстер тарихы туралы теориялар және оларды зерттеу әдістері. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік тарихы бойынша әдебиеттер мен деректер. Қазақ даласындағы негізгі әлеуметтік топтардың тарихы. Қазақ даласында болған демографиялық, ұлттық-конфессиялық, гендерлік, әлеуметтік-психологиялық процесстер.</p>	5
2.	<p>XIX-XX ғғ. қазақтардың визуалды антропологиясы: зерттеу әдістері және интерпретациялары</p> <p>Визуалды антропология гуманитарлық білімдер жүйесінде маңызды орын алады. Визуалды антропология жарты ғасыр бұрын американдық мәдени антропология шеңберінде пайда болды. Мәдениеттану мен әлеуметтік-антропологияның ажырамас бөлігі ретінде дамуда. Қазақстан ғылымында визуалды антропология кең қанат жаймай, тек қосалқы қызмет бөлігін ғана иеленуде. XIX-XX ғғ. қазақтардың этнографиялық және мәдени сипаттағы түрлі визуалды ақпараттары талданады.</p>	5
3.	<p>Алаш қозғалысы: жаңа деректер негізінде мәселені қайта қарау</p> <p>Алаш қозғалысының ұлт-азаттық сипатын түсінуі және оны түсіндіре білуі. Саяси өрлеу, қазақ элитасының бастауымен жүргізілген бұқаралы наразылық, петициялар, демонстрация және т.б. XX ғ. 20-30 жж. қызметі, қарсыластығы. Алаш элитасының ұлттық мемлекеттік құрылымды талап етуі: ұстанымдық ерекшеліктері, саяси-көзқарастары, тарихын кезеңдерге бөлу. Алаш қайраткерлерінің қуғындалуы: кезеңдері, зерттелуі.</p>	5
4.	<p>Зерттеу практикасы</p> <p>Докторанттың зерттеу тәжірибесі отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерттеу, сондай-ақ тәжірибелік дағдыларды бекіту, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолдану, диссертациялық зерттеуде тәжірибелік деректерді өңдеу және интерпретациялау мақсатында жүргізіледі. Зерттеу практикасының мазмұны докторлық диссертацияның тақырыбымен анықталады.</p>	18